

**Қазақстан Республикасы Президентінің Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің жас публицистердің неғұрлым терең шығармашылық ізденістерін қолдауға арналған гранттары (стипендиялары) туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1999 жылғы 21 шілде N 60. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2005.05.30. N 550 өкімімен.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің жас публицистердің неғұрлым терең шығармашылық ізденістерін қолдауға арналған гранттары (стипендиялары) туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 маусымдағы N 3556 өкімінің 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і н ң

1 9 9 9            ж ы л ғ ы            2 1            ш і л д е д е г і

N            6 0            ө к і м і м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің жас публицистердің неғұрлым терең шығармашылық ізденістерін қолдауға арналған гранттары /стипендиялары/ туралы Ереже**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығы /бұдан былай - сыйлық/ журналистке /журналистер ұ ж ы м ы н а / :

- елде жүргізіліп жатқан реформаларды түсіндіруге;

- оқырмандардың, көрермендердің және тыңдармандардың бойында қазақстандық отаншылдық сезімін, белсенді азаматтық өмірлік айқындаманы, реформа саясатына, қоғамдағы татулыққа бейімділік сезімін қалыптастыруға;

- ел өмірін демократияландыруға, саяси пікірлер саналуандығын тереңдетуге,  
с ө з б о с т а н д ы ғ ы н д а м ы т у ғ а ;

- тәуелсіз Қазақстанның журналистикасын дамытуға, ұлттық бұқаралық  
ақпарат құралдарының шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға;

- ел өмірі туралы Республикада және одан сырт жерлерде объективті түсінік  
қ а л ы п т а с т ы р у ғ а ;

- журналистика стильдері мен жанрларын дамытуға қосқан маңызды  
шығармашылық үлесі, кәсіптік шеберлігі үшін беріледі.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің гранты /стипендиясы/ /бұдан былай

- грант делінеді/ жас публицистердің, жас шығармашылық ұжымдардың  
шығармашылық ізденістерін ынталандыру үшін:

- олардың әлеуметтік мәні бар жобалар туындатудағы жұмысын қолдау;

- олардың шығармашылық өсуін көтермелеу;

- ұлттық журналистиканың балғын әлеуетінің дамуын ынталандыру  
мақсатында беріледі.

3. Сыйлықтар мен гранттар жыл сайын 28 маусымда, Баспасөз күніне орай  
беріледі.

4. Елбасы мен Қоғамдық комиссияның төрағасы жекелеген әлеуметтік  
маңызды жобаларға арнайы конкурстар жариялай алады.

5. Сыйлық лауреатының ескерткіш белгісі мен дипломын, сондай-ақ  
гранттың бөлінуі туралы куәлікті салтанатты жағдайда Қазақстан  
Республикасының Президенті тапсырады.

6. Сыйлықтар мен гранттардың ақшалай бөлігі сыйлықтар лауреаттары мен  
стипендиаттарға заңда белгіленген тәртіп бойынша аударылады немесе  
тапсырылады. Сыйлық немесе грант авторлар ұжымына берілген жағдайда оның  
ақшалай бөлігі ұжымның барлық мүшелерінің арасында тең бөлінеді.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлықтарын беру мен гранттарын  
бөлу туралы актілері бұқаралық ресми ақпарат құралдарында міндетті түрде  
жариялануға тиіс.

8. Сыйлық лауреаттары мен стипендиаттар атанбаған жекелеген журналистер  
мен шығармашылық ұжымдар Қазақстан Республикасы Президентінің  
Алғысымен атап өтелуі мүмкін.

9. Сыйлықтың және гранттың ақшалай сыйақы түріндегі мөлшерін, сондай-ақ  
берілетін сыйлықтар мен гранттар санын олар берілетін жылы Президент  
Әкімшілігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі  
белгілейді.

10. Сыйлықтар беру мен гранттар бөлуді Қазақстан Республикасы  
Президентінің журналистика саласындағы сыйлықтары мен гранттарын беру

жөніндегі арнаулы Қоғамдық комиссияның /бұдан былай - Қоғамдық комиссия/ ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жүргізеді.

11. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қоғамдық комиссияның төрағасы болып табылады.

12. Сыйлықтар мен гранттар беру жөніндегі Қоғамдық комиссияның құрамына республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының, шығармашылық одақтардың, журналистердің қоғамдық бірлестіктерінің және мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

13. Қоғамдық комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы бұқаралық ақпарат құралдарының, шығармашылық одақтардың, журналистердің қоғамдық бірлестіктерінің және мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша жыл сайын бекітіп отырады.

14. Қоғамдық комиссия Президент сыйлықтарының лауреаттары мен стипендиаттарына таңдау жасауда мынадай өлшемдерді басшылыққа алады.

- жарияланымдардың объективтілігі;
- қойылған мәселелердің және шығармашылық талдаудың тереңдігі;
- жұмыстың әлеуметтік мәнділігі;
- жарияланымдардан туындаған қоғамдық пікір;
- журналистің тәуелсіздігі, принципшілдігі;
- жұмыстың шығармашылық дәйектілігі.

15. Қоғамдық комиссияның жұмыс бабындағы отырысы оның төрағасының немесе ол Комиссия құрамының ішінен тағайындаған адамның басқаруымен жүргізіледі. Комиссияның сыйлықтардың лауреаттары мен стипендиаттарды анықтайтын қорытынды отырысы төрағаның басқаруымен жүргізіледі. Жеңімпаздарды анықтау ашық дауыс беру нәтижесінде жай көпшілік дауыспен жүргізіледі.

16. Бұқаралық ақпарат құралдарының, шығармашылық одақтар мен журналистердің қоғамдық бірлестіктерінің басшылары:

- сыйлыққа ұсынылған жұмыстар мен жобаларды жеке өзі таныстыруға;
- оларды таныстыруды Қоғамдық комиссия мүшелерінің біріне тапсыруға хақылы.

17. Сыйлықтар мен гранттарға өз өкілдерін ұсынған бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары Комиссия отырыстарына шақырылуы мүмкін.

18. Қорытынды отырысқа қатысуға мүмкіндігі болмаған Комиссия мүшесінің :

- Комиссиядан кандидаттың материалдарын сұратып алдыруға;
- қолы қойылған өтініші арқылы сырттай дауыс беруге қақысы бар.

19. Бұқаралық ақпарат құралдарының, шығармашылық ұжымдардың шығармашылық одақтардың, қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік

органдардың, сондай-ақ жекелеген журналистердің сыйлықтар мен гранттар алуға ұсыныстары Қоғамдық комиссияның атына жыл бойына, бірақ ағымдағы жылдың 20-маусымынан кешіктірілмей жолдануға тиіс.

20. Ұсыныстарда үміткердің номинациясы және қысқа мінездемесі, сондай-ақ конкурстық жарияланымдары немесе дыбыс-бейне материалдары қоса берілуі шарт.

#### 21. Өтінімдердің номинациялары:

- демократия мен жариялылықты дамытуға қосқан шығармашылық үлесі үшін ;

- реформаларды дамытуға қосқан шығармашылық үлесі үшін;
  - белсенді азаматтық айқындамасы үшін;
  - қоғамдық келісім және әлеуметтік әріптестік саясатына қосқан шығармашылық үлесі үшін;
    - шығармашылық кәсіби шеберлігі үшін;
      - журналистік батылдығы үшін;
      - жазу мәнері үздік журналист;
      - жанр бойынша үздік журналист;
      - тақырыптың айшықты ашылуы;
        - үздік репортажшы;
        - үздік сарапшы журналист;
    - үздік шығармашылық жоба үшін;
      - кәсібіне адалдығы үшін;
    - Тұңғыш үздік журналистік жұмысы үшін;
      - шығармашылық ерекшелігі үшін;
      - шығармашылық белсенділігі үшін;
  - шығармашылық тапқырлығы үшін.

21. Үміткерлер басқа кез келген номинацияларды өздерінің қалаулары бойынша анықтауға хақылы. Барлық ұсыныстар Қоғамдық комиссия тарапынан әділ қаралуға тиіс.

22. Қоғамдық комиссияның сыйлықтар және гранттар беру жөніндегі төраға мен хатшы қол қойып, хаттама түрінде ресімделген шешімі оның Қазақстан Республикасының Президентіне жасаған ұсынысы болып табылады және оның қарауымен ғана өзгертілуі мүмкін.